

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ  
«ТҮПҚАРАҒАН ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МҚКК**



Бекітілді  
«ТГТК» МҚКК басшысы м.а  
А.Сұлтанғали  
«01» 11 2022 жыл

**«Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет  
көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша  
құзыреттілік орталығы туралы  
ЕРЕЖЕЛЕР**

## **МАЗМҰНЫ:**

1. Жалпы ережелер
2. Құзыреттілік орталығының ұйымдастырушылық-басқару құрылымы
3. Құзыреттілік орталығының материалды-техникалық базасы
4. Қызметтің педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі
5. Құзыреттілік орталығының қаржы-экономикалық және шаруашылық қызметі
6. Басқа

## 1. Жалпы ережелер

1.1. «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша құзыреттілік орталығы туралы «Түпқараған гуманитарлық-техникалық колледжі» МКҚК (бұдан әрі - Колледж) базасында келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде құрылды:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы;
- «Қазақстан Республикасының 2005 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы;
- «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 Қаулысы;
- «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, «Мәңгілік ел жастары-индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, еңбек ресурстарын және қысқартылатын жұмыскерлерді қайта даярлауды, «100/200» қағидаты бойынша «Жас маман» жобасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрлар даярлауды, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 қарашадағы № 646 бұйрығы;
- «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;
- Worldskills Kazakhstan Жарғысы мен колледж басшысының «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша құзыреттілік орталығын (бұдан әрі – құзыреттілік орталығы) құру туралы бұйрығы;

1.2. Бұл Ереже Worldskills Kazakhstan Жарғысы негізінде жасақталып, құзыреттілік орталығының негізгі мақсаттарын, міндеттерін және статусы анықтайды.

1.3. Құзыреттілік орталығының негізгі мақсаттары мен міндеттері.

-Негізгі мақсаты:



1) кәсіби өзін-өзі анықтауға мотивация деңгейін арттыру, Қазақстан Республикасы азаматтарын жеке және кәсіби өсуі;

2) мамандарды кәсіби даярлау және қайта даярлау сапасын арттыру;

- Негізгі міндеттері:

1) WSK құзыреттер тұрғысынан әдістемелік-педагогикалық тәжірибені қалыптастыру;

2) «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша бәсекеге қабілетті жаттықтыру орталығын құру;

3) Түпқараған ауданы жастарының кәсіби біліктілік деңгейін арттыру мақсатында қысқа мерзімді курстарға тарту және құзыреттіліктерін дамыту;;

4) жұмысшы мамандықтарын танымал ету;

5) WSK қозғалысының мақсаттары жету үшін ұйымдармен және кәсіпорындармен стратегиялық серіктестікті дамыту;

6) мамандарды кәсіби даярлау сапасын арттыру;

1.4. Негізгі терминдер мен анықтамалар:

- *Инновациялық модель* – Қазіргі заманғы білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, жалпы және кәсіптік білім беретін оқу орындарының студенттеріне кәсіптік бағдар берудің, кәсіптік құзыреттіліктерді дамытудың және жалпы кәсіптік білім беру ұйымдарында олардың қалыптасуына мотивация берудің инновациялық моделі;

- *Worldskills International (WSI)*- Worldskills International

Халықаралық үкіметтік емес ұйым;

- *Worldskills Kazakhstan (WSK)* – Инновациялық модель қызметін жүзеге асырудың тәжірибеге бағытталған құралы; кәсіптік шеберліктің өңірлік, республикалық және халықаралық конкурстарын өткізу арқылы Қазақстан Республикасындағы бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға бағытталған коммерциялық емес қозғалыс;

- *Қор* – Ұлттық Worldskills Kazakhstan қозғалыс операторы, инновациялық модельді басқару органы;

- *Жоба* – «Worldskills Kazakhstan қозғалысының дамуы» коммерциялық емес жобасы;

- *Мамандандырылған құзыреттілік орталығы* – Әртүрлі деңгейдегі чемпионаттар мен оқуға қатысушылардың функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға;



## **2. Құзыреттілік орталығының ұйымдастырушылық- басқару құрылымы**

- 2.1. Құзыреттілік орталығының штаттық құрылымы мен олардың функционалдық міндеттері.
- 2.2. Құзыреттілік орталығы қызметін сол құзыреттілік басшысы мен оның орынбасары жүзеге асырады, ол колледж директорымен тағайындалып босатылады. Құзыреттілік орталығы қызметкерлерінің міндеттері лауазымдық нұсқаулықтармен реттеледі. Құзыреттілік орталығының басшысы мен оның орынбасары құзыреттілікке жүктелген міндеттерді орындауға тікелей жауапты.

## **3. Құзыреттілік орталығының материалды-техникалық базасы**

Өз қызметін жүзеге асыру барысында құзыреттілік орталығы материалды-техникалық базаны (құзыреттілік орталығының төлқұжатында көрсетілген), акпараттандырудың техникалық құралдарын қолданады. Құзыреттілік орталығы WSK қозғалысына қатысатын аймақтық серіктестер мен әлеуметтік серіктестердің де материалды-техникалық базасын қолдана алады. Құзыреттілік орталығы WSK құзыреттіліктері мен іс-шараларына қатысы бар барлық оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтылуы керек.

Құзыреттілік орталығы «Жас маман» жобасы аясында алынған және WSK чемпионатының «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының инфрақұрылымдық бетшесінде көрсетілген барлық құрал-саймандар мен қондырғылармен қамтылуы тиіс.

## **4. Қызметтің педагогикалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі**

- 4.1. *Құзыреттілік орталығы келесі құжаттармен қамтылуы тиіс:*
  - «Жас маман» жобасын жүзеге асыру «Жол картасы»;
  - «Worldskills Kazakhstan» чемпионатының Маңғыстау облысындағы қозғалысының жол картасы;
  - Құзыреттілік орталығының Ережелері;
  - Құзыреттілік орталығының жұмыс кестесі;
  - Аймақтық іс-шараларды өткізукестелері;
  - Аймақтық және республикалық чемпионаттарға қатысушыларды дайындау кестесі;
  - Республикалық чемпионатқа қатысушыларды дайындау Ережелері.
- 4.2. *Құзыреттілік орталығы заманауи оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтылуы тиіс:*
  - «Worldskills Kazakhstan» чемпионатының Маңғыстау облысындағы қозғалысының жол картасы;
  - Құзыреттілік орталығының Ережелері;

- Құзыреттілік орталығының жұмыс кестесі;
- «Worldskills Kazakhstan» чемпионатын ұйымдастыру мен өткізу және кәсіби білім беру аясында инновациялық жағдай жасақтау;
- «Worldskills Kazakhstan» чемпионатының колледжішілік кезеңінің материалдарын дайындау;
- «Worldskills Kazakhstan» чемпионатының аймақтық және республикалық деңгейіне қатысушыларды дайындау бағдарламалары;
- «Дәнекерлеу ісі», «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандықтары бойынша «Worldskills Kazakhstan» чемпионатына қатысушыларды дайындау бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

## **5. Құзыреттілік орталығының қаржы –экономикалық және шаруашылық қызметі**

- 5.1. Құзыреттілік орталығын қаржыландыру:
  - Маңғыстау облысы бюджеті есебінен;
  - Колледж бюджеті есебінен;
  - Әртүрлі бюджеттен тыс көздер есебінен қаржыландырылады.
- 5.2. Құзыреттілік «Worldskills Kazakhstan» чемпионатының құзыреттіліктері бойынша материалды-техникалық құрал-жабдықтарды (компьютерлік, интерактивтік, ұйымдастырушылық, арнайы техникалық және өндірістік жабдықтар) сатып алуда қатысады.
- 5.3. Құзыреттілік орталығының қызметін реттейтін қаржылық қамтылу жұмыстары Колледждің қаржылық-шаруашылық жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **6. Әртүрлі**

- 6.1. Осы Ережеге толықтырулар мен өзгерістер енгізу Құзыреттілік орталығының басшысы мен Колледж директорының келісімі негізінде жүзеге асырылады.